

«Атырау облысы білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «№20 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

өткізілген ата-аналар жиналысының

Хаттамасы №2

05.09.2023 ж.

Қатысқан мұғалімдер саны : 10

Қатысқан ата-аналар саны: 40

**Күн тәртібіндегі мәселе :**

1.2023-2024 оқу жылында «Қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәнінен 5-8, 10-сынып білім алушыларының аралық аттестаттау бойынша әзірленген әдістемелік ұсынымды жұмыс барысында басшылыққа алу, емтиханды өткізуге дайындық жұмыстары мен жүргізілетін мектепшілік іс-шаралар жоспары туралы ата-аналарға түсінік беру.

**Тыңдалды :**

**Бейсова М.И.-мектеп директоры:**

2023-2024 оқу жылынан бастап қазақ тілінде оқытатын мектептерде – "Қазақ тілі" пәні бойынша, қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептерде "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша емтихан өтеді. "Ол – білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында өткізілетін рәсім" Емтихан уақытын мектептердің өзі белгілейді. Ол жазбаша және ауызша өтіп, оқушының қазақ тілінде тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу біліктілігін тексеруге мүмкіндік береді. Емтихан тапсырмаларын әзірлеуде педагогтар сәйкес сыныптың оқу бағдарламасын негізге алады. Аталған пәндер бойынша жылдық бағасы оқушының жыл бойғы оқу үлгерімі мен емтихан нәтижесіне (30 да 70 пайыз) қарай қойылатындығын түсіндірді.



**Қаралған мәселе бойынша сөйлеу:**

Ата –аналар комитетінің тарағасы: Аққұлова А.С.

Менің балам 6-сыныпта оқиды.Қазақ тілі пәнінен жақсы оқитындардың қатарында.Емтиханды биылғы оқу жылында бірінші рет тапсырады.Аталған емтихан оқушының қазақ тілінде тыңдау,сөйлеу,оқу және жазу біліктілігін тексереді.Бұл оқушылардың пән бойынша жыл бойы алған білімдерін саралайды.Емтиханды жақсы деңгейде тапсыру үшін оқушылар жыл бойы дайындалып,ізденіп,жауапкершілік танытуы керек.


**Ұсыныс :**

1. 2023-2024 оқу жылында «Қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәнінен 5-8,10-сынып білім алушыларының аралық аттестаттау бойынша әзірленген әдістемелік ұсынымды жұмыс барысында басшылыққа алу.

2. 2023-2024 оқу жылында «Қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәнінен 5-8,10-сынып білім алушыларының аралық аттестаттау мақсатында жүргізілетін мектепшілік іс-шаралар жоспары бойынша іс-шараларды жүйелі ұйымдастыру.

**Жиналыс төрағасы:**

**Хатшы :**



*Handwritten signature of M.I. Baysova*

**Бейсова М.И.**

**А.М.Демесінова**

